

Жинақтаушы зейнетақы қорына және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру қызметіне аудитті жүзеге асыруға қойылатын талаптарды белгілеу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2004 жылғы 12 шілдедегі N 206 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2004 жылғы 16 тамызда тіркелді. Тіркеу N 3012. Қаулының күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 27 қазандағы N 229 қаулысымен.

Ескерту: Қаулының күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 27 қазандағы N 229 қаулысымен .

"Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 49-1-бабын және "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігінің Басқармасы қаулы етеді:

1. Жинақтаушы зейнетақы қорына (бұдан әрі - қор) аудитті жүзеге асыруға мынадай талаптар белгіленсін:

қор аудитіне мынадай мәселелерді қарау жатуы тиіс:

1) негізінде қор қызметі жүзеге асырылатын құрылтай құжаттарының, лицензияның, ішкі ережелердің болуы және олардың Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес болуы;

2) қордың жарғылық капиталы қалыптасуының Қазақстан Республикасының заң талаптарына сәйкес болуы;

3) қордың есеп саясатының, активтерді бағалау әдістері мен тәсілдерінің, міндеттемелер мен капиталының Қазақстан Республикасының заңдарына және қаржылық есеп берудің халықаралық стандарттарына сәйкес болуы;

4) қаржы ұйымына арналған бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарын қолданудың дұрыстығын;

5) зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттардың Қазақстан Республикасының заң талаптарына, қордың ішкі құжаттарына сәйкес болуы;

6) салымшылардың-алушылардың дербес зейнетақы шоттарына қаражат

түсуінің есепке алынуын және уақтылығын, салымшылардың-алушылардың жинақталған зейнетақы қаражатының басқа қорларға не сақтандыру ұйымдарына төленуін және аударылуын, сондай-ақ осы жөнінде құжаттардың Қазақстан Республикасының заң талаптарына сәйкес болуын тексеру;

7) зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру бойынша зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар жөніндегі қарастырылған шағым-талаптарды, жинақталған зейнетақы қаражатын аудару немесе төлеу сәтіне жинақталған зейнетақы қаражатын жоғалту негізділігін және қалпына келтіру уақтылығын, сондай-ақ зейнетақы төлемдерін, алушыларға зейнетақы төлемдерін төлеуден не жинақталған зейнетақы қаражатын аударудан бас тартудың негізділігін тексеру;

8) зейнетақы активтерін есепке алудың жай-күйін тексеру және зейнетақы активтерін инвестициялауды Қазақстан Республикасының заң талаптарына с ә й к е с б о л у ы ;

9) қордың комиссиялық сыйақыны есептеу және төлеу дұрыстығын тексеру;

10) қордың ішкі аудитінің (бақылаудың) тиімділігін бағалау, қордың ақпарат жүйелерінің, оның ішінде қордың автоматтандырылған ақпарат жүйесіне қосалқы бухгалтерлік есепті және Бас бухгалтерлік кітапты ендірудің тиімділігін б а ғ а л а у ;

11) бухгалтерлік баланстың барлық шоттарын, оның ішіне мыналарға т ү г е н д е у ;

бастапқы бухгалтерлік құжаттардың болуын;
есепке алуда және есеп беруде жасалған қаржы және шаруашылық операциялардың уақтылы, толық және дұрыс көрсетілуін;
қордың бекітілген есеп саясатына, сондай-ақ ішкі құжаттарына сәйкес шот бойынша операциялардың жасалуын;

12) корпоративтік жинақтаушы зейнетақы қорлары үшін салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражатының нақты құны азайған жағдайда олардың инвестициялық кірісті жоғалтуының негізділігі және қалпына к е л т і р у у а қ т ы л ы ғ ы ;

13) қордың өзінің қаржылық тұрақтылығын айқындау дұрыстығын тексеру;

14) қор кірісі мен шығысының толық және шынайы көрсетілуін тексеру;

15) қордың талаптары мен міндеттемелері бойынша, сондай-ақ баланстан тыс шоттар бойынша есеп жүргізудің негізділігін және шынайылығын тексеру;

16) қор, кастодиан және зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйым арасында уақтылы салыстырып тексеру;

17) салық төлемдерінің толық және дұрыс есептелуін тексеру.

2. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының (бұдан әрі - сақтандыру ұйымы)
) сақтандыру қызметінің аудитіне мынадай талаптар белгілесін:
сақтандыру ұйымы қызметінің аудитіне мынадай мәселелерді қарау жатуы

т и і с :

1) негізінде сақтандыру ұйымының қызметі жүзеге асырылатын құрылтай құжаттарының, сақтандыру ұйымын әділет органдарында мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің, сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензияның болуы олардың Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес болуы;

2) сақтандыру ұйымының жарғылық капиталының ең аз мөлшерін қалыптастырудың Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес болуы;

3) жүзеге асырылатын қызметтің Қазақстан Республикасының заңдарына с ә й к е с б о л у ы ;

4) есеп саясатының, активтерді бағалаудың әдістері мен тәсілдерінің, сақтандыру ұйымдарының міндеттемелері мен капиталының Қазақстан Республикасының заңдарына және қаржылық есеп берудің халықаралық стандарттарына с ә й к е с б о л у ы ;

5) қаржы ұйымдарына арналған бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарын қолданудың д ұ р ы с т ы ғ ы н т е к с е р у ;

6) сақтандыру шарттарының қаржылық есеп беруде көрінуін тексеру;

7) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру мәселесі бойынша сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша қаралған наразылықтарды, сақтандыру төлемдерін жүзеге асырудың негізділігі мен уақтылығын, сақтандыру төлемдерінде сақтанушыларға бас тартудың негізділігін, сонымен қатар сақтанушылардың шағымдары бойынша сотта қаралған істің талдауын тексеру;

8) сақтандыру резервтерінің бухгалтерлік есепте көрінуінің дұрыстығын және маңыздылығының жоспарланған деңгейінен төмен емес тексерілетін кезең ішінде Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкес оларды орналастырудың ш ы н а й ы л ы ғ ы н т е к с е р у ;

9) қайта сақтандыру операцияларын жүзеге асырудың дұрыстығын тексеру;

10) жеке сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша міндеттемелердің ең жоғары көлемі туралы талаптарды сақтау;

11) сақтандыру, ортақ сақтандыру және қайта сақтандыру операцияларын есепке алуды жүзеге асырудың дұрыстығын тексеру;

12) сақтандыру ұйымының ішкі аудитінің (бақылауының) тиімділігін, сақтандыру ұйымының ақпараттық жүйелерінің тиімділігін, оның ішінде сақтандыру ұйымының автоматтандырылған ақпарат жүйесіне қосалқы бухгалтерлік есепті және Бас бухгалтерлік кітапты енгізуді бағалау;

13) бухгалтерлік баланстың барлық шоттарын, оның ішінде: б а с т а п қ ы б у х г а л т е р л і к қ ұ ж а т т а р д ы ң б о л у ы ; жасалған қаржы және шаруашылық операцияларының есеп пен есеп беруде у а қ т ы л ы , т о л ы қ ж әне д ә л к ө р і н у і ;

бекітілген есеп саясатына, сонымен қатар сақтандыру ұйымының ішкі

құжаттарына сәйкес шот бойынша операцияларды жасауды түгендеу;

14) Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкес тартылған заемдардың көлемі мен шарттарын тексеру;

15) сақтандыру ұйымының кірістер мен шығыстар көрінісінің толықтығы мен анықтығын тексеру;

16) қаржы тұрақтылығының және төлем қабілеттілігінің нормативтерін анықтаудың дұрыстығын тексеру;

17) шартты және мүмкін талаптар мен міндеттемелер бойынша, сонымен қатар баланстан тыс шоттар бойынша есеп жүргізудің негізділігі мен анықтығын тексеру;

18) салық төлемдерін есептеудің толықтығы мен дұрыстығын тексеру.

3. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енеді.

4. Стратегия және талдау департаменті (Еденбаев Е.С.):

1) Заң департаментімен (Байсынов М.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеу шараларын қолға алысын;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде оны Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігінің мүдделі бөлімшелеріне, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына, жинақтаушы зейнетақы қорларына, Қазақстан Қаржыгерлерінің қауымдастығына және Қазақстанның Аудиторлар палатасына жіберсін.

5. Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігінің қызметін қамтамасыз ету департаменті (Несіпбаев Р.Р.) осы қаулыны Қазақстан Республикасының ресми баспасөз басылымдарында жариялау шараларын қолға алсын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Төрағасының орынбасары Е.Л. Бахмутоваға жүктелсін.

Төраға